

Дыбыстарды естіп, ажырата білуге үйрету

Сөйлеуді дамытудың міндетті шарты - есту қабілеті. Ерте балалық шақта физикалық есту қабілетінің төмендеуі сөйлеудің дамуын тежейді. Егер бала естіктің сықырлағанын, көліктің жақындап келе жатқан дыбысын, желдің шуылын жаңбырдың дауысынан ажырата білсе, онда оның физиологиялық естуімен бәрі жақсы. Егер баланың ешқандай қиындықсыз оқып, жазып үйрену үшін, сөздерді дұрыс қабылдап, түсініп, кез-келген шет тілін меңгеріп, дыбыстарды ажырата білуі керек. Яғни, фонематикалық есту қабілеті дамыған болу керек.

Фонематикалық дыбыс пен фонематикалық қабылдау деген не?

Фонематикалық дыбыс – бұл сөйлеу барысында ана тіліндегі дыбыстарды естіп, ажырата білу қабілеті әртүрлі сызықтық тәртіппен (қайшы-қойшы, қазы-қозы,); дыбысталуы жақын, мағыналары әртүрлі сөздер (қаз-саз, қыс-сыз, шашу-шошу). Фонематикалық есту сөйлеу фонемаларын (дыбыстарын) ажыратуға жауап береді. Бұл бізге дыбыстық жағынан ұқсас сөздер мен сөз тұлғаларын ажырата білуге және айтылған сөздердің мағынасын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Фонематикалық қабылдау – бұл сөздің дыбыстық құрамын қабылдау қабілеті. Егер баланың фонематикалық естуі нашар дамыған болса, ол мағыналары жақын фонемаларды шатастыруы мүмкін. Бұл жүйелі сөйлеуді, оқу мен жазуды үйрену процесін төмендетеді, өйткені егер бала дыбыстарды ажырата алмаса, есте сақтау, дыбыстау, жазуды ол нақты оған айтылғаны бойынша емес, өзінің естуі бойынша қабылдайды.

Фонематикалық естуге әсер ететін факторлар: баланың жалпы сөйлеуінің дамуы, тіл мен сөздіктің грамматикалық құрылысын игеру, артикуляция мен дикцияның дұрыс қалыптасуы, дыбыстық талдау және синтез операцияларын меңгеру, оқуды меңгеру, сауаттылық меңгеру жетістігі және орфографиялық қабілеттердің дамуы.

Фонематикалық есту қабілетін дамыту жұмыстары қаншалықты ерте басталса, соғұрлым ол сауатты жазады және оқиды.

Фонематикалық қабылдаудың даму кезеңдері:

I кезең — бейсөйлеу дыбыстарды тану;

II кезең — сол дыбыстардың, сөздердің, сөз тіркестеріндегі дауыс ырғағын, тембрін ажырату;

III кезең — дыбыстық құрамы жағынан ұқсас сөздерді ажырату;

IV кезең — буын дифференциациясы;

V кезең — фонемалардың (дыбыстардың) дифференциациясы;

VI кезең — қарапайым дыбыстық талдау дағдыларын дамыту.

Баланың фонематикалық естуін қалай дамытуға болады? Әрине, іс жүзінде: сөздерді біреудің сөйлеу тілі арқылы қабылдау мен өзінің жеке айтуы. Сондықтан ата-аналардың балаларымен көп сөйлесуі, оларға қарапайым өлеңдерді ерте жастан оқу өте маңызды.

Балаларға «*Не дыбысталып тұрғанын тап*» қызықты ойындар әдісі арқылы әртүрлі дыбыстарды ажырта білуге үйрету. Әртүрлі дыбысталатын бірнеше ойыншықтарды алыңыз (сыбызғы, қоңырау, сылдырмақ және т.б.



бестен аса ойыншық түрі). Балаңызға сол ойыншықтарды анықтап қаратыңыз, қандай дыбыс шығаратынын тыңдатыңыз. Сосын баланы артқа бұрыңыз да, 3-4 метрге алыстап, ойыншықтардың бірін дыбыстатыңыз. Дыбыс анық және айқын болу керек. Бала қай ойыншық дыбысталғанын анықтап, қолына алу керек.

«*Сиқырлы таяқ*» Балаңызды қарындашпен тұрту арқылы заттардың қалай дыбысталатынын тыңдатуға шақырыңыз. «*Сиқырлы таяқша*» арқылы ваза, үстел, стақан және басқа заттардың дыбысын шығарады. Бала көзін жұмып, қандай зат дыбысталғанын біледі.



«*Шапалақтау*» Балаға сіздің артыңыздан ырғақты шапалақтауды қайталауын сұраңыз. Мысалы: екі шапалақ, үзіліс, бір шапалақ. Ырғақты қайталау біртіндеп күрделене түседі. Мысалы: екі шапалақ, үзіліс, үш шапалақ. Ойынның келесі кезеңі: бала көзін жұмып қайталауы керек.

«*Шұлы қораптар*» Сізге кішкене қораптардың екі жиынтығын алу керек - өзіңіз бен балаңыз үшін, оларды әртүрлі материалдармен толықтырыңыз, егер қорапты сілкісеңіз, әртүрлі дыбыстар шығады. Қораптарға құм, жарма, бұршақ салып, жапсырма шегелерді, қағаз қыстырғыштарды, қағаздан жасалған шарларды, түймелерді және т.б. салуға болады. Сіз өз қорап сілкісіз, мұқият арасынан анықтауы Сөздердің керек (а-ине т.б.).



«*Алғашқы дыбыс*» алғашқы дыбыстарын ерекшелендіріп дыбыстату а-алау, ү-ү-үкі, о-о-ошақ, и-и-сөздерде бірінші дыбысты анықтайды.

Сөздердің керек (а-ине т.б.).

мұғалім-логопед А.А. Искендірова